

"Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 661 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, 1994 жылғы 30 қарашаға дейін меншік нысанына қарамастан, қару-жарақ, әскери техника мен соғыс құралдарын, жинақтаушы бұйымдар мен материалдар, оларға арналған арнайы технологиялық жабдықтар жасаумен, зерттеумен, әзірлеумен, сынаумен, жаңартумен, жөндеумен, қызмет көрсетумен және пайдаға асырумен, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы жасау үшін қолданылатын уран шикізаты мен басқа да материалдардың арнайы түрлерін барлаумен, өндірумен, ұқсатумен, сақтаумен және пайдаға асырумен айналысатын өндірістік, ғылыми-өндірістік кәсіпорындарының, бірлестіктерінің, конструкторлық немесе ғылыми-зерттеу ұйымдарының, ғылыми-сынақ полигондарының нақты жай-күйіне талдау жүргізсін және олардың арнайы қызметінің қысқартылу деңгейін, сондай-ақ азаматтық мұқтажға қайта бағдарлануын айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп қорғаныс өнеркәсібін конверсиялаудың 1994-1995 жылдарға арналған республикалық бағдарламасын үш айлық мерзімде әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен қарап бекіту үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарымен және олармен сабақтас өнеркәсіптермен бірлесіп

конверсиялаудың 1994-1995 жылдарға арналған аймақтық бағдарламаларын бір айлық мерзімде әзірлеп бекітсін, әрі оларды қаржыландыру көздерін анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен Ұлттық аэроғарыш агенттігімен бірлесіп:

конверсияланатын кәсіпорындардың мүліктік кешенінің жекелеген бөліктерін сатып, алынған қаражатты конверсиялау бағдарламаларын қаржыландыруға жұмсау тәртібін айқындайтын ережені;

конверсияланатын кәсіпорындар бойынша жеделдете амортизациялауға жататын негізгі өндірістік қорларды жеделдете амортизациялау нормаларын және олардың бір бөлігінің мөлшерін;

конверсиялау нәтижесінде босайтын бірегей жабдықтарды тоқтатып қоюдың және тар шеңберде мамандандырылған жабдықтарды амортизациясыз есептен шығарудың тәртібін үш ай мерзімде әзірлесін әрі оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге табыс етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

конверсияланатын кәсіпорындардың тізбесін, сондай-ақ жұмылдыру құжаттарын азаматтық өнімдер өндіру үшін пайдалану жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жыл сайын 15 қаңтарға дейін табыс етіп отырсын;

азаматтық өнімдер өндіру үшін жаңа қуаттар құруға бағытталған жобаларды жүзеге асыру үшін Экономикалық өзгерістер қорынан кредиттер алуда конверсияланатын кәсіпорындардың басымдығын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, қорғаныс кешенінің кәсіпорындарымен бірлесіп аталған кәсіпорындардың балансында тұратын және жергілікті әкімшілік балансына беруге жататын әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілердің, тұрғын үй қоры мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің тізбесіне жыл сайын 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге табыс етсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік мақсатты кредиттерге, инвестицияларға және бекітілген бағдарламаларға сәйкес конверсияланатын кәсіпорындарды азаматтық өнімдер өндіруге әзірлеуді ұйымдастыруына валюталық кредитті басым тәртіппен беретін болсын.

8. "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы ресурстар сатып алуда конверсияланатын кәсіпорындарға басымдық тәртібімен жәрдем берсін, ресурстардың тізбесі жыл сайын бірінші тоқсан ішінде табыс етіліп отырады.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жыл сайын, Халықты жұмыспен қамтуға жәрдем беру жөніндегі Республикалық қор қаражатының жұмсалуды туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсыныстар енгізген кезде, конверсияланатын кәсіпорындардағы кадрларды қайта даярлауға арналған шығындарды көздесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі